



«Kazakhstan Bar Association»
Заң консультанттары палатасының
Жалпы жиналысының
2024 жылғы 29 ақпандағы шешімімен
«БЕКІТІЛДІ»

КӘСІБИ ӘДЕП КОДЕКСІ

Осы Заң консультанттарының Кәсіби әдеп кодексі (бұдан әрі – «Кодекс») Палата мүшелерінің (төменде айқындалғандай) өзінің миссиясын тиісті түрде және әдеппен орындауын, атап айтқанда, Клиенттердің өз құқықтарын жүзеге асыруында (төменде айқындалғандай) және олардың өзінің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауында Заң көмегін көрсетуін (төменде айқындалғандай) регламенттейді. Палатаның мүшесі Кәсіби мінез-құлық қағидаларын сақтамаған және кәсіптік қызметін осы Кодексте баяндалған, орындалуы міндетті нормаларды бұза отырып жүзеге асырған жағдайда оған «Адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы» 2018 жылғы 5 шілдедегі № 176-VI ҚР Заңында, Палатаның Жарғысында, стандарттары мен қағидаларында көзделген тәртіппен тәртіптік жауапкершілік жүктелуі мүмкін.

Кодекс Палатаның мүшелері Заң көмегін көрсету кезінде ұстануға міндетті болатын негізгі қағидаларды айқындайды. Осы Кодексте ешнәрсе Палатаның мүшесін Заң көмегін көрсету кезінде қолданыстағы заңнаманың талаптарын орындаудан босатпайды.

Палата өзінің барлық мүшелерін Қазақстан Республикасы заңнамасының, Палатаның Жарғысының, Кәсіби әдеп кодексінің, Кәсіби мінез-құлық қағидаларының, Заң көмегін көрсетудің стандарттары мен қағидаларының негізінде, Заң көмегінің сапа өлшемшарттарын мүлтіксіз сақтай отырып Заң көмегін көрсетуге міндеттейді.

АНЫҚТАМАЛАР

«**KazBar**» және/немесе «**Палата**» - «Kazakhstan Bar Association» Заң консультанттары палатасы.

«**Клиент**» - заң көмегін көрсету туралы шарт жасалған жеке немесе заңды тұлға.

«**Заң консультанты**» - жоғары заң білімі, заңгер мамандығы бойынша кем дегенде екі жыл жұмыс өтілі бар, аттестаттаудан өткен, Палатаның мүшесі болып табылатын және Заң көмегін көрсететін жеке тұлға.

«**Заң фирмасы**» - Заң көмегін ұйымдастыру және көрсету үшін құрылған және тіркелген, осындай заңды тұлғамен еңбек шарттарының негізінде Заң консультанттарын қызметкерлер ретінде біріктіретін заңды тұлға.

«**Заң көмегі**» - Қазақстан Республикасының Конституциясында бекітілген өкімнің білікті заң көмегін алуға құқығын іске асыруды, соның ішінде арнайы заң білімі мен машықтарды пайдалана отырып, қамтамасыз етуге бағытталған қызмет.

1. ЗАҢ КОНСУЛЬТАНТЫНЫҢ КӘСІБИ ӘДЕП ҚАҒИДАТТАРЫ

[1] Заң көмегін көрсету кезінде Клиенттерінің абзал мүдделеріне сай әрекет етеді және оларға Заң көмегінің әр түрлерін көрсетеді, соның ішінде кеңесші, соттардағы өкіл, келіссөз процесіне қатысушы, сарапшы, тәуелсіз делдал және т.б. ретінде әрекет етеді. Заң консультанты Заң көмегін көрсетуден басқа, өзінің кәсіби білімін, беделі мен тәжірибесін заңнаманы жетілдіру, құқықтық білімдарлықты тарату, құқықтық қорғанысқа қол жеткізу мүмкіндігін қамтамасыз ету, құқықтық мәселелерді түсіндіру, сот төрелігін жүзеге асыру процестерін оңтайландыру, заң маманды пен ғылымын дамыту және оның беделін көтеру және т.б. үшін пайдалана отырып, қоғамдық өмірге қатыса алады.

[2] Заң көмегін көрсеткенде немесе қоғамдық өмірге қатысқанда Заң консультанты KazBar Палатасына өкілдік етеді, осыған байланысты ол абайлаушылық, құзыреттілік және адал ниеттілікті ұстанып, KazBar мүшесінің кәсіби және этикалық нормаларын, сонымен қатар төменде, сондай-ақ Палатаның Жарғысында, қағидалары мен стандарттарында баяндалған Заң көмегін көрсетудің негізгі қағидаларын сақтауға тиіс.

[3] Заң үстемдігі қағидаты

Заң консультанты өзінің кәсіби қызметінде Клиенттерінің мүддесінде әрекет ете отырып, ешкім заңнан жоғары тұра алмайды, заң алдында бәрі тең және заңда белгіленген тәртіптен басқа жолмен ешкімді жазалауға болмайды деген заң үстемдігі қағидатын басшылыққа алуға міндетті.

Заң консультанты құқық пен заңға қызмет ету миссиясын ұғынуы, заң үстемдігі қағидаттарының орнығуына және тәжірибеде іске асырылуына ықпал етуі, заңдылықты мүлтіксіз сақтауға ықпалдасуы керек.

Клиенттің мүддесін қорғауды қамтамасыз ете отырып, Заң консультанты Клиенттің заңсыз әрекетті жүзеге асыруына саналы түрде жәрдемдесуге, сондай-ақ Клиенттің мұндай заңсыз әрекеттерін ынталандыруға немесе жасыруға тиіс емес және бұған құқығы жоқ.

[4] Заң консультантының тәуелсіздігі қағидаты

Заң консультанты кәсіби қызметінде тәуелсіз және тек қана заңға, осы Кодекске және Палатаның қағидалары мен стандарттарына бағынады.

Заң консультантының өз қызметінде Клиентке ашылмаған және онымен келісілмеген мүдделер қайшылығының болуына жол беруге құқығы жоқ және оған мемлекеттік органдар, сот және басқа да тұлғалар тарапынан оның еркіне, материалдық және өзге де сипатта ықпал жасалуынан аулақ болуға тиіс. Заң консультанты өзінің қызметінде этикалық мінез-құлық нормалары арқылы іске асатын ішкі сенімінің негізінде шешімдерін қабылдай отырып, субъективті тәуелсіздік қағидатын басшылыққа алады.

Әрбір Заң консультанты көрсетілетін Заң көмегінің сапасы үшін жеке жауапкершілік көтереді.

Заң консультанты құқықтық жағдайды бағалау әдістерін, өзінің кәсіби көзқарасы тұрғысынан қажетті және ол Клиентке ұсынатын заң көмегін көрсетудің құралдары мен стратегиясын таңдауда тәуелсіз.

Заң консультанты Клиенттің абзал мүддесінде әрекет ете алмайтын (әрекет етуді жалғастыра алмайтын) кез келген және барлық мән-жайлар туралы Клиентті дереу хабардар етеді және Клиенттің абзал мүддесінде Клиенттің құқықтары мен өзінің құқықтарын қорғау және мүмкіндік болған жағдайда мұндай мән-жайды жою үшін қажетті шараларды қабылдайды.

Заң консультанты Клиентке Заң көмегін көрсетуге үшінші тұлғалардың заңсыз араласуының бетін қайтару үшін барлық қажетті шараларды қабылдайды.

[5] Клиенттің құқықтары мен бостандықтарын құрметтеу және қорғау және Клиенттің мүддесі үшін Заң көмегін көрсету қағидаттары. Заң көмегін көрсетудің шектері мен шараларын анықтаудың еркіндігі қағидаты

Клиентке Заң көмегін көрсетуді бастамас бұрын Заң консультанты мүдделер қайшылығының жоқтығына және оның Клиентке қатысты тәуелсіздік қағидатын сақтауға мүмкіндігі бар екеніне көз жеткізуі керек және Заң көмегін көрсету кезінде ең алдымен Клиенттің мүддесін басшылыққа алады. Заң консультанты үшін Клиенттің мүддесі Заң консультантының өзінің, мемлекеттік органдардың және басқа да тұлғалардың мүдделерінен басым болады.

Заң консультанты өзіне Заң көмегін сұрап өтініш жасаған ықтимал Клиентке оның сұрауы бойынша Заң консультантын таңдау туралы шешім қабылдауы үшін қажетті барлық ақпаратты береді. Заң консультанты өзінің ұйғаруы бойынша Клиенттің тапсырмасын қабылдамауға құқылы.

Заң консультанты Клиентке оның пікірінше, соңғысының мүддесіне барынша сәйкес келетін заңдық ұстанымды және/немесе стратегияны ұсынуға міндетті, осы орайда заң үстемдігі қағидаты және Қазақстанның заңнамасында, сондай-ақ Палатаның Жарғысында, осы Кодексында, ережелері мен стандарттарында заң көмегін көрсетудің өзге де қағидаттары сақталуға тиіс. Заңдық ұстанымды және құқықтық стратегияны, тапсырманың мақсатына жетудің әдістері мен тәсілдерін түпкілікті таңдау құқығы Клиентте қалады.

Заң консультанты Қазақстан Республикасының заңнамасында немесе Клиентпен арада жасалған заң көмегін көрсету туралы шартта көзделген ерекше жағдайларды қоспағанда, өзінің Клиентінің абзал мүддесін басшылыққа алуға және құпия ақпаратты үшінші тұлғаларға ашпауға тиіс.

Клиенттің әрекетінде Заң консультантының моральдық қағидаттарына сәйкес келмейтін бұзушылық белгілерінің болуы Қазақстан Республикасының заңнамасында немесе Клиентпен арада жасалған заң көмегін көрсету шартында көзделген тәртіппен Заң көмегін көрсетуден бас тартуға негіз болады.

[6] Кәсіби құпияны сақтау қағидаты – құпиялық қағидаты

Кәсіби құпия деп құпия түрде алынған ақпарат, соның ішінде Клиенттің ақпараты, сондай-ақ Клиенттің тапсырмасын орындау барысында алынған ақпарат, технологиялар, жаңартпалар, қызметтің ерекшеліктері, Клиенттермен жұмыс істеудің және/немесе Клиенттің жұмыс істеуінің қағидаттары мен әдістемелері туралы мәлімет, коммерциялық құпия, мемлекеттің және жеке адамдардың қауіпсіздігінің мүддесін, Заң фирмасының, іске қатысатын тұлғалардың коммерциялық мүддесін қозғауы мүмкін болатын, қорғалатын немесе қорғалмайтын және ол туралы түсінігі жоқ тұлғалар тобына белгісіз болуына байланысты құндылығы бар ақпарат пен мәліметтер ұғынылады.

Кәсіби құпияның мемлекеттік, әскери, коммерциялық, қызметтік, құпиялы және т.б. мәртебесі болуы және ол бойынша әртүрлі жауапкершілік дәрежесі қарастырылуы мүмкін. Бұзған жағдайда Заң консультантының жауапкершілігіне әкеп соқтыруы мүмкін болатын кәсіптік құпияны пайдалану кезіндегі этикалық мінез-құлық нормалары Палатаның Кәсіби мінез-құлық қағидаларында белгіленеді.

Қазақстан Республикасының заңнамасында немесе Клиентпен арадағы Заң көмегін көрсету туралы шартта тікелей белгіленген жағдайларды қоспағанда, Заң консультанты Клиентпен жасалған шарттың мерзімі аяқталғаннан кейін де құпиялық режимін сақтауға және құпия мәліметтерді жария етпеуге міндетті.

[7] Кәсіби және этикалық мінез-құлық стандарттарын сақтау қағидаты. Заң көмегін көрсету стандарттарын сақтау қағидаты

Заң консультантының тапсырманы орындау кезінде заңсыз немесе адамгершілікке жат құралдарды пайдалануына, айталық, сотқа көрінеу жалған ақпарат беруіне, Клиентті немесе процеске басқа қатысушыларды сотта көрінеу жалған ақпарат беруге итермелеуіне, қарсы тарапқа, үшінші тұлғаларға, консультанттар мен сарапшыларға, судьяға жөнсіз қысым жасауына үзілді-кесілді тыйым салынады.

Заң консультанты өзінің қызметінде Заң консультанттарының кәсіби мінез-құлық қағидаларында және Палатаның басқа да ішкі құжаттарында көрсетілген Заң көмегін көрсетудің стандарттары мен қағидастарын сақтайды.

[8] Сотты, сот ісін жүргізу қағидаларын және кәсіптегі әріптестерін құрметтеу қағидаты

Заң консультанты сотқа тек сот отырысы шегінде ғана емес, одан тыс жерде де, нақты судьяға қатысты ғана емес, тұтастай алғанда бүкіл сот институтына құрмет көрсетеді.

Заң консультанты сотқа және іске қатысушы тұлғаларға құрмет көрсетуге, Клиентке қатысты заңның сақталуын қадағалауға және Клиенттің мүддесін ең жақсы жолмен қорғауға ықпал ететін барлық қажетті әрекеттер мен шараларды қабылдауға міндетті.

Заң консультанты соттағы пікірсайыс кезінде қарсыластарға құрметпен қарауы керек. Заң консультантының дәлелдері іс материалдарын талдауға негізделуге тиіс және сот процесіне кез келген қатысушының немесе үшінші тұлғаның ар-намысы мен қадір-қасиетін кемсітуді мақсат тұтпауы керек.

Судьялардың және процеске қатысушы тұлғалардың процестегі тараптың қорғау құқығын шектейтін немесе құқықтарын бұзатын әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) қарсылықтарды Заң консультанты қолданылатын заңнаманың талаптарына сәйкес сыпайы нысанда білдіруге міндетті.

Заң консультантының соттың және/немесе процеске қатысушылардың қызметіне БАҚ-та жария түрде баға бермегені, сондай-ақ шығарылған, бірақ заңды күшіне енбеген сот шешіміне баға бермегені жөн, себебі жарияланбаған шешімдер бойынша Заң консультантының тұжырымдарын тәуелсіз қайта тексеруге мүмкіндік жоқ. Заң консультанты заңды күшіне енген сот шешімдеріне түсініктеме беруге құқылы, бірақ осы орайда мұндай түсініктеме ешкімнің құқығының немесе заңды мүддесінің бұзылуына әкеп соқтырмауы керек.

Заң консультанты Палатаның басқа мүшелеріне құрметпен қарауға, Палата өткізетін кез келген іс-шараларда қалыпты адамгершілік-психологиялық ахуалды сақтауға, қажет болған жағдайда Палатаның атқарушы органына консультативтік көмек көрсетуге міндетті. Заң консультанттарына қызметін жаңадан бастап отырған Заң консультанттарының жұмысына мұқият қарауға, осы орайда оларға өзінің білімімен және тәжірибесімен көмектесуге кеңес беріледі.

Заң консультанты құжаттарды ресімдеу кезінде, Заң көмегін сұрап өтініш жасаған адамдармен әңгімелескенде, әлеуметтік желілердегі жазбалары мен пікірлерінде басқа Заң консультантының ар-намысына, қадір-қасиетіне немесе іскерлік беделіне нұқсан келтіретін сөздер мен сөз тіркестерін пайдалануға, басқа Заң консультантының әрекеттері мен консультацияларына баға беруге және сынауға, басқа Заң консультанттары және (немесе) олардың жұмыс берушілері алатын төлемақы сомасының негізділігін талқылауға жол бермеуге тиіс және бұдан аулақ болуға міндетті.

Заң консультанты басқа Заң консультанты немесе Палата туралы көрінеу жалған мәлімет таратпауы керек.

[9] Заң көмегінің қолжетімділігі қағидаты

Егер мүдделер қайшылығы, жеке мүдделілігі және басқа да осыған ұқсас жағдайлар кедергі болмаса, Заң консультанты мүмкіндігінше және тиісті біліктілігі, ресурстары мен тәжірибесі болғанда одан көмек сұрап өтініш жасаған барлық Клиенттерге Заң көмегін көрсетуге ұмтылады. Төлемге қабілетсіз және әлеуметтік жағынан қорғалатын халық топтарына Заңды көмегі кешенді әлеуметтік көмек (КӘЗК) және pro bono көрсетілуі мүмкін.

[10] Заң көмегін көрсету кезінде Заң консультантының сыртқы түрі мен мінез-құлқы жағдайға және іс-шараның форматына байланысты кез келген тұлғалардың Палатаға құрметпен қарауына ықпал етуге және жалпы қабылданған іскерлік стильге сәйкес келуге тиіс.

2. СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ НОРМАЛАР

[1] Заң консультантының халықаралық, ұлттық және жергілікті деңгейдегі мемлекеттік қызметшілерге, саяси партияларға, партиялардың қайраткерлеріне және мемлекеттік лауазымнан үміткерлерге, сондай-ақ басқа тұлғалардың директорларына, лауазымды тұлғалары мен қызметкерлеріне қатысты кез келген уақытта және кез келген түрде мына төмендегі әрекеттерді жүзеге асыруына, соған жәрдемдесуіне, ұсынуына, бұл әрекеттердің тікелей немесе жанама түрде, соның ішінде үшінші тұлғалар арқылы, өзінің мүддесінде, сол сияқты үшінші тұлғалардың, соның ішінде клиенттердің немесе осындай мүдделі тұлғалардың туыстарының мүддесінде жасалғанына қарамастан, тыйым салынады:

- **Парақорлық** - мысалы, мемлекеттік немесе жеке қажеттілік үшін жеткізу шарттарын жасасуға, реттеуші органдардың рұқсаттарын алуға, салық салуға, кедендік ресімдеуге, сот ісін жүргізуге немесе заң шығару процесіне байланысты коммерциялық немесе өзге сипаттағы заңсыз артықшылықты алу немесе сақтау мақсатымен жоғарыда атап көрсетілген тұлғалардың немесе басқа тұлғалардың кез келгеніне мүліктік немесе өзге сипаттағы кез келген заңсыз пайданы ұсыну, соған уәде ету, беру, санкциялау немесе немесе олардан алу.

Пара алуға көбінесе мына төмендегі кіреді:

- шарт бойынша төлемдердің бір бөлігін мемлекеттік қызметшілерге, партия қайраткерлеріне немесе үшінші тұлғаның қызметкерлеріне, олардың жақын туыстарына, достарына немесе іскерлік серіктестеріне табыстау, немесе
- мемлекеттік қызметшілерге, партия қайраткерлеріне немесе үшінші тұлғаның қызметкерлеріне, олардың жақын туыстарына, достарына немесе іскерлік серіктестеріне төлемдерді табыстау үшін агенттер, қосалқы мердігерлер, консультанттар және басқа үшінші тұлғалар сияқты делдалдарды пайдалану.
- **Бопсалап пара алу немесе пара беруге көндіру** - бас тартылған жағдайда қоқан-лоқы жасалатын және жасалмайтын жолмен параны талап ету. Заң консультанты параны бопсалаудың немесе пара беруге көндірудің кез келген әрекеттеріне қарсы іс-қимыл жасауды міндетіне алады. Заң консультантына міндетті түрде мұндай әрекеттер туралы қолда бар ресми және бейресми арналар арқылы хабарлау ұсынылады.
- **Пайдакүнемдік мақсатпен ықпалын теріс пайдалану** - іс-әрекеттің бастапқы бастамашысының немесе кез келген басқа тұлғаның пайдасына заңсыз артықшылық алу мақсатымен мемлекеттік қызметшіге іс жүзінде немесе

болжамды заңсыз ықпал ету үшін заңсыз пайда алуды ұсыну немесе соған көндіру.

- **Жоғарыда аталған Сыбайлас жемқорлық әрекеттен алынған кірістің ізін жасыру** – егер мүліктің қылмыстық жолмен алынған табыс болып табылатыны белгілі болса, оның қылмыстық жолмен алынғанын, қайнар көзін, орналасқан жерін, билік ету, орнын ауыстыру тәсілін немесе кімге тиесілі екенін жасыру немесе оны тығу.

3. АДАЛ НИЕТТІЛІКТІ РАСТАУ

[1] Палатаның барлық мүшелері адал ниетті Заң консультанттары болып танылады және ескертулер немесе ұсыныстамалар болмаған жағдайда Палатаның Атқарушы органы тиісті «Good Standing Ethics Certificate» құжатын беруі мүмкін.